

## Қазақстан Республикасының Халықаралық электротехникалық комиссияға енуі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 456 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Халықаралық электротехникалық комиссияға (бұдан әрі - ХЭК) енуі туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті ХЭК-та Қазақстан Республикасы атынан Ұлттық электротехникалық комитет ретінде қатыссын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісім бойынша Халықаралық электротехникалық комиссияның Орталық бюросына ХЭК-тың мүшесі мәртебесін алу туралы өтініш жіберсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*